

## КЕНЕН ӨЗІРБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Кенен Өзірбаевтың ғасырдан астам шығармашылық жолы жыр жұлдызының биіктігі мен жарқындығының айғағындай. Тума талант иесі, болмысынан поэзия қуаты бойына дарыған, илһам — шабыты өзінің айнымас серігі болған ақын Кененнің жыр кестелері нәзік те нақты, айбынды да айбатты, шынайы да ізгі. Ол өнер атты алабөтен ауылда адасып жүрген жолаушы емес, нақ сол ғажайып өлемнің, поэзия өлемінің тұғырында нық отырған, сол әсем дүниенің өлшемдерімен ғана өмір сүрген Сұлулықтың Жаршысы. Ақынның аппақ жүрегі зұлмат заманның зұлымдықтарынан, сұрқия заманның айла-сұмдықтарынан аулақ бола тұрса да, өмір көшінен адым да артта қалып көрген емес.

Ақын самайына күміс кіріп, көңілі күрсініп, алпыстың асуларынан, жетпіс-сексеннің белестеріне асқан кезде де жырларындағы пәктік пен албырттықты, тазалық пен балалықты сақтаған. Өз жыр-өлеңін туған топырағының шұрайына әлдилеп ана тілінің ең нәрлі шырайына көмкеріп, тылсым сезім мен саф көңілдің бедерлі айшықтарына бөлеп, сөйгүліктей баптаған.

Шығармаларының поэтикасы сөз болып отырған Кенен Өзірбаев та өз халқының ұлттық сөз өрнегіне көп үнілген, одан үйрене отырып, ондағы халықтық дәстүрді ілгері дамытып әкеп поэзиясымен жалғастырған, оны өзінің өнердегі ұстаздары, қаламдас өз тұстастары секілді жаңа мазмұн, жаңа сапамен байытқан, жаңартқан ақын.

Қазақтың халық ауыз әдебиетінде қолданылатын бір тәсіл — біркелкі бастау бар. Фольклор-

лық көп туындылар «Ерте, ерте, ертеде», «Баяғы өткен заманда» деп басталады. Осындай тәсілді профессионалдық жазба әдебиетіміздің бірқатар өкілдері қолданған. Дәл осы тәсілді Кенен Өзірбаевтың да шығармашылығынан кездестіреміз. Мысалы, ол 1940—1947 жылдары жазған «Бұрынғы өткен батырлар», «Менің аталарым «Бес жалаңаяқ»» атты аңыз-әңгімелерін «Бұрынғы өткен дәуірде», «Ертеде Шомай деген» деп осы халықтық тәсілді туралап қолданса, қайсыбір жағдайларда оған сәл де болса өз өзгерісін, өз жаңалығын енгізіп, түрлеп, жаңартып қолданады. Мәселен, ол «Бұрынғы өткен батырлар» дейтін аңыз-әңгімесін:

Бұрынғы өткен дәуірде,  
Халықтың мұны мал болған [1.207], —

деп бастайды. Осындай жолдарды оқығанда мұның төркіні халық ауыз әдебиетіндегі «Баяғы өткен заманда» ғой деген ой көңіліне бірден орала кетеді.

Кенен бейнелі сөздің халықтық үлгісін пайдаланғанда құр пайдалану үшін немесе оны бейнелілігіне сырттай қызыққандықтан қолданбайды, мазмұн үшін, өзінің айтайын деген ойын жеткізу үшін қолданады. Қайсыбір сөтте мұның шығарманың мазмұнынан гөрі, құрылысы — композициясы үшін қажет сөті де болады екен.

Әр сөздің өз алдына тарихы бар. Ол да тарих сияқты өседі, дамиды, түрленеді. Мағыналық аясы кеңейіп, образдық қуатының жаңадан көздері ашылып отырады. Кемелденіп, толысып, жаңа қуатқа иеленіп, қолданылу ауқымы, мағы-

насы кеңейе түседі. Этимологиялық тегінен бастап оған қаншама айшық, салмақ қосыла береді. Керісінше, олардың уақыт ағымымен ескіріп, көнеретін, қолданыстан қалып қоятын да жағдайлары болады.

Ұлттық тілдегі метафоралық сөз тіркестерін жүйрік білген жампоз жыршы «мейірдің кені», «нұр гүлі», «бақыт таңы», «көңіл құсы» сияқты зерделі тіркестерді тудырған.

Ақынның өлең-жырларында, айтыстары мен дастандарында «көңіл – лашын», «от – жалын», «Отан – қамал», «тілім серік», «ақыл күнін», «ән – әсер», «өлең – өрім», «талабым – тау», «үнім – арна» сияқты ассоциациялық тіркесімдер баршылық. Бұлар шығарманың, өлең-жырлардың эмоционалдық-экспрессивтік мәнерлілігін, көркемдік әсерлілігін күшейтеді.

Жан дүниесінің сілкінісін, ақындық қиялдың серпілісін сипаттағанда, «көктүйғындай сілкінді», «аксұңқардай түледі», «тастүлектей таранды», «тау бүркіттей шаңқылдап», «ақиықтай таранды», «қыран құстай қаранды», «ақиықпен талпынды», «ақ бөкендей желейін», «сұңқардайын қиялап», «ителгідей түңіліп» деген халықтық тіркестерді, бейнелі оралымдарды тапқырлықпен пайдаланады. Сонымен қатар, Кенен халықтың ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын, тіпті, екіншісінің бірінің аузында жүретін тұрақты бейнелі сөзтіркесінің «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «От тілді, орақ ауызды», «Ит тиген арам тамақтай», «Белбеуге беттің арын түйіп», «Қабағынан қар жауып» тәрізді толып жатқан түрлерін қолданған. Сөйтіп, бір ойдың өзін сан түрлі киіндіріп, өрнектеп, өдемілеп жеткізеді. Ал бұлардың бәрінің де ақынның ойын білдіріп, мазмұнды тереңдетіп және ашық, айқын танытуға әсер етіп тұрғаны сөзсіз. Сонан соң бұлардың қысқа, аз сөз көп ойды білдіретін ұтымдылығы тағы ғажап.

Халықтық бейнелі сөздің ең бір өткірі, нысанаға дөп тиер пәрмендісі, ойды аз сөзбен терең жеткізудің бір жолы – мақал-мәтелдер болса, Кенен Әзірбаев бұларды да дәл осы мақсатта шебер пайдаланып отырған. Мысалы, ақын шығармашылығында «Жолығар өлмегенге өлі балық», «Көл болар көп түкірсе», «Ел құлағы – елу», «Өлер бала молаға қашады», «Нұр жауар талапты ерге», «Андысқан ауыл болмас», «Асыққан – шайтан ісі», «Ұрлық түбі – қорлық» тәрізді мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Ақын мұнда да бір де мақалды өзгертпей, халықтық нұсқасын сақтап пайдаланып отырса, бірде өлең өлшеміне, ұйқас, ырғаққа

бағындырып, инверсияға құрып, сөздердің орнын ауыстырып, шығарма мазмұнын әсерлі, ойын мәнерлі беру үшін, халықтық мақал-мәтелдерді өзгертіп, түрлентіп қолданған. Айталық халықтық нұсқадағы: «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалды ақын бір жолға сыйғызып, «Ерді – намыс, қоянды қамыс өлтірмек» деп алған. Сондай-ақ «Арыстан айға шауып мерт болыпты» деген белгілі мәтелді «Айға шапқан арыстан аяғынан айрылған» деп қоғамдық жаңа жағдайға, адамның жеке басының қадір-қасиеті, адамдық парасат, ар-намысына байланыстырып, өзгертіп, инверсияға құрып қолданған. Соғыс жағдайына байланысты жазылған өлеңде қолданылған бұл мақал еңбектің еңсесін көтеріп, нысанаға дөп жетіп, ақын мақсатын жақсы атқарып бергені даусыз.

Айға шапқан арыстан,  
Аяғынан айрылған.  
Бір жерден бәрің табыссан,  
Атағың елге жайылған.  
Жау қарасын санамас,  
Батыр жүрек соғысар.  
Ар мен намыс шын ердің,  
Кеудесінде тоғысар [2.69].

Кенен халық шығармашылығын бұлай қолданылуын ақынның бір оқпен екі қоян алып отыр деп ұғынғанымыз жөн. Дәлел, біріншіден, Кенен халық мақалын өзгертіп қолданып, жаңа қоғамдағы жаңа жағдайға байланысты халықтық дәстүрді бүгінмен жалғастырып отырса, екіншіден, жаңашылдық жасап отыр.

Кенен Әзірбаев шығармашылығында бейнелеу тәсілінің халықтық үлгісінен шешендік сөздердің нұсқасы да кездесіп отырады.

Көсем адам сөз бастар,  
Көпті көрген жол бастар.  
Батыр адам қол бастар,  
Көсем серке қой бастар,  
Ақын адам той бастар,  
Ал, тындандар, жолдастар! [3.47]

Немесе;

Бұлбұлым, сандуғашым,  
Болатым, гауһар тасым [4.156], –

деп ақын өз жаңалығын қоса, инверсияларға құрып қолданған.

Халық үшін туған ерлерге жырдан ескерткіш орнату ақындарға парыз саналған. Мұндай дәстүр қазақ поэзиясында ертеден бар. «Ел үшін туған ерлердің, сөз білген жанда хақы бар» деп Кенен

осы парызды өте терең түсінген. Тарихта аты мәлім батырлар хақындағы жырлар, Манас батыр туралы, Ер Қосай мен Ер Төстік туралы, Сыпатай батыр туралы, Қордай батыр және Жолбарыс батыр туралы, Әли батыр туралы Кененнің дастан, жырлары — бәрі де елі үшін құрбан болған ерлер ісін елеусіз қалдырмау мақсатында туған.

Ақын шығармашылығында ең көп ұшырасатын, ақынның өртүрлі жағдайда әрқилы қолданып көрген көркемдеу құралының бірі — эпостық жырларда кездесіп отыратын бейнелеу сөз үлгілері. Мысалы, Кенен Әзірбаев «Бұрынғы өткен батырлар», «Әли батыр» дастандарында — өмірден азаттық аңсап, бақыт аңсап талайлар өткен, бірақ біздің осынау заманға жете алмай кеткен дегенді айту үшін бейнелі сөздің:

Астымдағы тұлпарым,  
Ұшқан құспен жарысқан.  
Күнбатыста Ақжелек,  
Сен бір жатқан арыстан [5.209].

Немесе:

Мылтықтары атылар,  
Не түрлі тұлпар аты бар.  
Найзалары шаншылар,  
Қалқандары жабылар,  
Қылыштары шабылар [6.80], —

тәрізді халықтық үлгілерін қолданған. Бұлар жамандай жабысып шығарма бойына жараспай тұрған жоқ, қайта дастанның мазмұнымен қабысып, ақын ойын жеткізуге қызмет етіп тұр. Оның дастанның бойына сіңіп, қабысып кетуіне тағы бір себеп, ақын бұл жолдарды халықтың бүгінгі емес, өткенін бейнелеу мақсатына жұмсаған. Ал өткен заманда батырлардың қару-құралы найза, қалқан, қылыш болғаны мәлім. Олай болса, ақынның әр дәуірдегі өз шындығымен бейнелеу мақсатында көркемдеу құралдарының бұл тәрізді халықтық түрін қолдануы әбден орынды болып шыққан.

Кенен Әзірбаев поэтикасы толық қалыпташып, өз стилін тапқанға дейін көркемдеу құралдарының өзінен бұрынғы халықтық үлгісін қолданған. Ақын мынау халықтық екен, фольклорлық екен деп таңдамай, талғамай қолдана салмаған, өз идеясын, ойын айқын, ашық жеткізу мақсатына бағындырып қолданған. Ал көркемдеу құралдарының халықтық үлгісі, бейнелі сөздің фольклорлық үлгісі, фольклорлық тәсіл Кенен ақында соншалық көп те емес. Мұның белгілі дәрежеде заңдылығы да бар секілді.

Кенен ақын табиғатында төкпе ақын, тасып төгілмесе, сөз таппай қысылғаны байқалмайды. Айтам дегенін жеткізіп, өткір, терең және тұжырымды да шебер айта алған адам. Мысалы:

Төкаппар, мақтаншақтың аты қалмас,  
Халық өзі бағалар тартып алмас [7.204].

Немесе:

Жылдам жүрші, Көкшолақ,  
Шапшаң жүрші, Көкшолақ [8.21], —

дейді. Осы жолдардағы сөздер біріншіден, Кененнің сөз қорының молдығын танытады. Өйткені мұнда мөндес сөздер басқаша айтқанда, синонимдер мол қолданылған.

Кененнің антоним сөздерді қолдануында өзіндік ерекше жайлары да бар. Мысалы, ақынның «Бұрынғы өткен батырлар» дастанында:

Тұлпар керек қылмайды,  
Жақын менен алысты [9.241].

Немесе:

Сорғалап шүмегінен құйылғанда,  
Төтті ме, ащы ма, жұрт сонда білмек [10.140], —

деген ақынның «Ақыл-нақыл» өлеңі антоним сөздерге құрылған. Мұнда антоним сөздер өлеңнің мазмұнының өзінде іштей образдық контраст жасап, рельефтей жарысқан егіз, қарама-қарсылық жүйе ақын ойын, оның көңіл-күйінің бір толқынын өнер айнасына түсіріп, өмір шындығын өнер шындығына айналдырған.

Бұдан шығатын қорытынды синоним сөздер мен антоним сөздер, өнерде сөз ойнақылығын жасайтын оның бір ғана жылтырақ бояуы, жәй бір деталь ғана емес, қолдана білсең, өнердің өзегі, тіпті өзегі емес, өзі екен. Гөп соларды танып, тауып орынды пайдалана білуде деп түйеміз.

Кенен Әзірбаев қазақ поэзиясында бар өлең түрлерін түгел игерген ақын. Ол халық поэзиясының жеті буынды жыр үлгісінен бастап, он бес — он алты буынды болып келетін көп буынды өлең түрлерін жазып, артына мол мұра қалдырған ақын. Ақынның қай өлеңін алып оқысақ та, өзіндік жеке сезімі мен тарихи шындық арасында үнемі біте қайнасып отыратын тамаша үндестік бар, сезімтал ақын күйіне де күрсіне де біледі. Ол ишарат сияқты аз сөзбен көп жайды аңғартады. Қай өлеңі де сазынан аумайтын домбырадай қашан қағып қалсаң да, жанға жайлы, жүрекке жылы тиеді де, шипа болардай әсем бір ағысы-

мен ала жөнеледі. Ақынның көркемдік құралдарын пайдалануы да, тілдік қолданыстарды жаңалауы да, өлең құрылысына әкелген жаңалығы да өз алдына үлкен бір ақындық, әсемдік әлемін қалыптастырады.

Кенен Әзірбаев өлеңдерінде түр жағынан әлі де қарастыра түсер жайлардың, жана өрнек, бояулардың болуы ғажап емес.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Әзірбаев К.* Аңыздар сыры. Астана: Елорда, 2000. 207-б.
2. *Әзірбаев К.* Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1984. 69-б.

3. Сонда 47-б.
4. *Әзірбаев К.* Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1984. 156-б.
5. *Әзірбаев К.* Аңыздар сыры. Астана: Елорда, 2000. 209-б.
6. Қазақ Ғылым академиясы. ОҒК, К, 548 №4 папка. 80-б.
7. *Әзірбаев К.* Аңыздар сыры. Астана: Елорда, 2000. 204-б.
8. *Әзірбаев К.* Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1984. 21-б.
9. *Әзірбаев К.* Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1984. 241-б.
10. *Әзірбаев К.* Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1984. 140-б.